


А 2005

5603₁₄

ДЖИМ ТАРАЗИ



Махаббат жыры

ӘКІМ ТАРАЗИ



Махаббат жыры

4

Астана
“Елорда”
2000

ББК 84 Қаз 7-44
Т 21


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Ә. Тарази
Т 21 Махаббат жыры. - Астана: Елорда, 2000. - 408 бет.

ISBN 9965-06-017-7

Көрнекті жазушы **Әкім Таразидің** бұл кітабына "Ақбердінің ауласы", "Бураштың белестері", "Махаббат жыры", "Тырна, тырна, тырналар" повестері енгізілді.

Тілі көркем, ойы шұрайлы, оқиғалары шынайы, қарапайымдылығымен құнды.



4702250201-36
Т 450(05) - 2000 29-2000


ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-017-7

© Әкім Тарази, 2000

Бірінші жыр

Ақбердінің ауласы



ІЗДЕР

Жұлқи тартып, жұла тартып келе жатқан паровоздың да өз ырғағы бар екен, соған үйреніп, ыңғайланып алған бала тез-ақ ұйқтап кеткен, жұлқи тартып, жұла тартқанға көндіккен дене тыныштықты тосырқай ма, қалай, арсыл-гүрсіл басылып, жым-жырт тыныштық орнағанда оянып кетті. Жаңа әлгінде ғана көз ілген сияқты еді, енді қараса таң атып қалыпты. Анасы мен нағашысы жүктерді біртіндеп сыртқа шығарып жүр екен.

- Ештеңе ұмытқан жоқсың ба? - деген нағашысының қою да жағымды үні естілді. - Ендеше, балаларды алайық.

Бұл өзін балаға санамайды, үлкендер де бұны балаға санамайтын болар. Сөреде ұйқтап жатқан екі баланы екеуі көтеріп алды да, бұған:

- Ал, Бураш, жүр, келдік! - деді.

Келдік дейді, бірақ қайда келгенін түсініп тұрған Бураш жоқ, кеше кешке үйіне нағашысы келгенін біледі, бұлардың азын-аулақ жүгін буып-түйіп: “Кеттік!” - дегенін біледі, содан түн ортасына дейін вокзал басында қалғып-мүлгіп отырғаны есінде, содан түн ортасы ауа поезд келді, бұлар мінді - есінде, міне, келдік дейді, қайда келді, бұған түсіндіріп де жатқан ешкім жоқ, “жарайды, келсек - келген шығармыз!” - деп бұл қыйтыға ойлап қойды.

Дала салқын екен, ұйқысы шайдай ашылды, денесі сергіп сала берген. Поезд жүріп кеткен соң перронда состиып бұлар ғана қалыпты. Нағашысы жерде үюлі тұрған жүктерді иығына, арқасына, қолтығына, қолына алған кезде кіші-гірім төмпешік болды да қалды. Анасының қолында төрт жасар Тұраш - ұйқылы бала ауыр болады, анасына сол “жүк” жетіп жатыр. Амалдың жоқтығынан екі жасар Танкисті апасы жұлқылап оятты:

- Өз аяғымен жүрсін. Бураш, сен бұны жетектеп алғын, - деді, - өзің менің етегімнен ұста.

Бураш анасының етегінен ұстады, бұл Танкистің қолынан ұстады. Нағашысы:

- Кеттік! - деп алға түсті, кіші-гірім төмпешік шайқала ырғалып жылжып барады.

Қатар-қатар рельстерден өтіп келеді, өтіп келеді, аттап келеді, аттап келеді, таусылар емес, “осындай да жол болады екен-ау!” - деп Бураш қатты қиналып келеді. Қиналудың көкесі алда екенін қайдан білсін. Қияметтің азабы темір жол біткен соң басталды. Жер ылжыраған батпақ, көше дегенің көше емес, жол дегенің жол емес, таң анық атып, айнала төңірек анық көрініп қалған, екі жақтағы тізілген үйлерге, шарбақтарға қарап жүріп келе жатқан жердің көше екенін аңғаруға болады, сол көшенің оң жақ қапталында қара батпаққа ағарандап түскен аңның ізіндей шұбыра “сайрап жатқан” із бар, жолыңыздың сиқы сол.

Ылжырап жатқан батпақ көшемен елең-аланда бір адам өтетінін, содан кейін қалған жұрт соның ізімен жүріп, таптай-таптай табын жол жасайтынын Бураш келе-келе түсінер, әзірше бұның байқағаны - үлкендер өздерін ғана ойлай ма, қалай, іздердің арасы арбаң-арбаң, баланың қадамы жетпейді, олар бір аттаған жерді Танкист төрт аттап келеді. Екеуінің де аяқ киімі малмандай болған, енді аянар ештеңе қалмаған соң екі бала саз балшықты үйректей есе жөнелді. Танкист ыңырсып жылап келеді, оны елейтін Бураш жоқ, қолынан мықтап ұстап сүйреп келеді. Бураштың өзі де жыларман халге жетті, оны елейтін кім бар, анасы болса нағашының соңынан ентелей басып барады, ентелей басқан ананың етегінен айрылса, өлім күтіп тұрғандай. Бұл көшелерде ұрықары, тонаушы-қарақшылар болатынын, ентелеп келе жатқан екі үлкен адамның көкейінде сол қауіптің бар екенін Бураш кейін түсінер, ал қазір бар ойы, бар ниеті - жетегінде сүріне-қабына әрең ілбіп келе жатқан інісін құлатып алмау. “Танкист болбыр ғой, денесі ауыр, әйтпесе арқалап алар едім!” - деп қояды, өзінің де зорға келе жатқанымен ісі жоқ.

Бұл азап бітер емес, әне таусылар, міне таусылар деген үміт бірте-бірте алыстай берді, ақырында сап тынды. “Енді қалған өмірім осылай өтетін шығар... - деп түйді бала, көңіл көніп еді, дене де көндікті, - енді қалған өмірім осылай

өтетін болды. Мейлі, мейлі, бірақ, әйтеуір, Танкист құлап қалмаса болғаны. Үлкендер бір сәт тоқтаса, мен Танкисті арқалап алсам... Әйтпесе бұл құдайды енді... құлайды”.

- Мама, Мама! - деп еді, анасы ести қоймады ма, естісе де аялдауға мұршасы жоқ па, шапанының етегі жыртылардай керіліп тартылғанына қарамай, алға ұмтыла берді. Бураш анасына ыза болды, үстіне бір түйенің жүгін үйіп алып қорбандай жосып бара жатқан нағашыға ыза болды. “Егер...-деп ойлады ол, - осыдан Танкист құласын, Танкист құлаған жерде мен де қаламын. Көрейін сонда бұлардың әуселесін... бізсіз қайда барар екен!”

Ақырында Танкист құлады, екпіндеп келе жатқан Бураш оны біраз жерге дейін сүйреп барды да, анасының етегін жібере салды. Анасы етпетінен құлай жаздап, тайғанақтап барып әрең тоқтады.

- Сапар-ау, тұра тұршы! - деген анасының үні жылағандай естілді. Үстіне бір түйенің жүгін үйіп алған кішігірім төбешік оралып келіп, бұларға қарап тұр, қол ұшын берер халі жоқ:

- Енді арқалап ал! - деп кеңес бергеннен басқа амалы қалмаған. - Үйге де келіп қалдық.

“Үйге де келіп қалдық!” - деген сөз медет болды. Ыңырсып жылап жатқан Танкисті өзі ыңырсып жүріп әрең дегенде арқасына отырғызды, “үйге де келіп қалдық!...” - деп томпаңдай желіп берген, жиырма-отыз қадам жүрді ме, жүрмеді ме, ұшып түсті.

- Мама! - деп шыңғырып жіберіпті. Анасы қайрылып келіп, бұлардың үстерінен қарап тұр.

- Сапар-ау, Сапар-ау! - деп еңкілдеп жылады. Нағашы бұл жолы қайрылмады. Үстіне бір түйенің жүгін үйіп алған кіші-гірім төбешік ұзап кетті. Анасы, бір қолында Тұраш, бір қолында үлкен қара шамадан, зарлап тұр. Анасының зары Бурашқа ән айтқандай естілді, сөздерін анық ажырата алмаса да, ара-арасында: “Папасы-ау!” деп қоятын “қайырмасын” ұқты. Өзінің әлсіздігіне, құлап қалғанына күйініп кетті, қайырылмай кеткен нағашыға өшпенділік, кек тұтанды кеудесінде, орнынан атып тұрып, балшықта етбеттеп жатқан інісін арқалап алды да, алға ұмтылды, екпіндеп келеді, мұнша күштің, мұнша қайраттың бойына қайдан, қалай құйылғанына өзі де таң. Аяқ астындағы арбандаған ізді аңдып

келе жатып байқамапты, үстіндегі үйме-төбе жүгінен құтылып, нағашысы қайтып оралған екен.

- О, айналайын, күндерім-ай! - деп келіп арқасындағы Танкиспен қоса бұны қос қолдап көтеріп алып, бауырына басты. - Айналайын, күндерім-ай, бұндай күйге түсеміз деп ойлап па едіңдер?!

Нағашы балалардың үстіндегі балшыққа қараған жоқ, екеуін екі қолымен кеудесіне қысып тұрып, сүйіп-сүйіп алды.

- Күндерім-ай!

Бураштың көзінен жас шығып кетті, абырой болғанда нағашысының байқамағанын медет етті, намысқор бала өзінің әлсіз сәтін өзіне кешірмейтін.

БОЛАТ ШЫБЫҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ

Ол кезде Асатал - “қала”, “станса” болып екіге бөлінетін, екеуінің арасы - 3-4 шақырым ашық дала, автобус қатынайды. Соның “станса” деп аталатын бөлігінің оңтүстік жағында Бірінші Шаңғарақшы, Екінші Шаңғарақшы деген екі көше бар (бар деймін-ау, бар еді!). Сол Екінші Шаңғарақшы көшесінің орта тұсында қалың тал-терек ішінде, аласа ғана шарбақпен қоршалған Ақбердінің қорасы тұр. Бұл мекен-жайдың аула аталмай қора аталатын себебі бар. Атақты батыр әрі ауқатты адам Ақберді жиырмасыншы жылдары асыл тұқымды жылқы өсіріп сатумен айналысқан, Ақбердінің ұзын атқорасы мен Ақбердіге тән, сол кісіге тәнті бес-алты үй шоғырлана жиылып төрт бұрыш жасай келіп, сырт жағы тұтас, есік-терезесіз жабық бекініс құратын. Өзге дүниеден оқшау, ішіме ешкімді жібермеймін, тыста не болып жатыр, онда менің шаруам жоқ дегендей меніреу де саңырау біртұтас берік әлем.

Бір кезде атақты батыр Ақберді бүгіндері сексеннің бел ортасындағы аппақ қудай ақсақал, бір кезде екі иығына екі адам мінгендей қапсағай дене бүгінде шөгіңкі, бір кездегі қап-қара қалың қастар бүгінде жаралы шағаланың қанаттарындай салбырап кеткен, салбырап кеткен де, бір кезде шатынаған отты көздердің нұры қайтып бозарған шағын жа-

сырып қалған, бір кезде өрттей лапылдаған жігіт енді бүгін кәрі сүйектерін қыркүйектің солғын қызуына жылытып күн шуақта отыр. Бұрынғыдай емес, ойдың өзі де самарқау, жаңбырлы далада жаққан шырпыдай жылт етеді де, өше береді. Шала ұйқыда түсініксіз халге душар болғалы үш ай. Үш айдан бері тозған ми бір ғана сауалдың шешімін таба алмай қойды. “Жарайды, екі ел соғысты, Керман мен Сәбет, құп делік, мен ғой бала күнімде-ақ екі соғысты көрдім. Қақанмен, патшамен соғыстық. Соғыстың аты - соғыс, екі жақ екі жақтан келеді, атысады, шабысады, жеңілгені қашады, жеңгені қуады. Құба-құп делік. Есейе келе өзім де талай айқасқа қатыстым. Жол торып, саудагер тонадық, көрші рулармен жесір дауын шештік. Олар бізді шапты, біз оларды шаптық. Құба-құп делік. Бәрі де түсінікті, бәрі де ап-айқын болатын. Найза түйредік, шоқпар сілтедік. Кейін келе, бертінде мылтыққа да үйреніп алдық. Қосауызын былай қойғанда, бесатарға да машық болып алдық. Батыр атандық, мерген атандық. Соғыс, жанжал деген жерден тайсалыпкөрген емеспіз. Құба-құп делік. Ал енді, мына, осы күнгінің мыржықтарының айтып жүргені не соғыс? Осындай да соғыс бола ма? Жастарды топырлатып алып жатыр, алып жатыр. Отарбасына отырғызып жер түбіне әкетіп жатыр, әкетіп жатыр. Не жеңіліп қашқан жауды көрмейсің, не жеңілдің деп қораңа кіріп келген жауды көрмейсің! Қой, мұндай да ізім-ғайым соғыс бола ма? Заманның азғаны емей немене бұл?!”.

Кезінде азулы болып, дүйім жұртты аузына қаратып үйренген батыр көзі ашық деген күйеу баласы Сапардан, қала берді жалғыз тұяғы Бүбісарадан сұрауға намыстанады, ал басқа ұсақ-түйек бала-шағадан соғыс жайын сұрау мүлде ұят. Не де болса бұл жұмбақтың сырына өз ойы, өз ақылымен жетуді жөн көрген. Үш ай бойғы қиналыстың сыры сонда.

Күздің күні қанша шақырайса да қуатсыз: Ақберді ақсақал күн шуаққа шығып отырғалы қашан: кәрі сүйек әлі де жылынар емес, тұла бойын тұмшалап алған ызғардан құтыла алмай-ақ қойды. “Бұл найсаптардың айтып жүргендері, сонда, қай соғыс, қандай соғыс?!”

Күн шуаққа керіліп-созылып қара сирақ бала шықты. “Сапардың қарындасының баласы, - деп түйді ақсақал, -

күйеу балам жаман емес, мейірман... үш баласын шұбыртып қарындасын қолына көшіріп алды. Қайтсін-ай, қайтсін-ай... Мынау тығыншақтай қара сол құдашаның үлкен баласы болса керек-ті”.

- Ассалаумалейкүм, ата!

- Бар бол, қарағым! - “Өзі пысық-ақ... Болар бала, болар бала... Міне, осы баладан жағалатып сұрауға болады. Сұрады деп бұл ешкімге айта қоймас...” Бала келіп күн шуаққа қатарласып отырды.

- Иә, балам, атың кім деп едің осы?

- Бураш дегем...

- Дұрыс, дұрыс, Бураш. Бурахан.

- Мені анам Бураш дейді.

- Дұрыс, дұрыс. Бураш... Жасың қаншада, Бураш?

- Жетіде. Төрт айдан кейін жетіге толамын.

- Мектепке барады екенсің ғой.

- Оқу басталып кетті емес пе...

- Иә, обал болды. Бір жыл кешігіп оқысам, әскерге де бір жыл кешігіп барам ғой!

Жаралы шағаланың қанатындай салбырап кеткен екі қасқа жан бітті, екі қанат кезек-кезек қағылғандай болды, ақсақал еңкілдеп күліп алды.

- Ай, баламысың деген осы! - деді ақсақал Бураштың иығына нәрестенің басындай жұдырығын жайлап қана қондырып, - сонда қалай сеніңше? Сен оқу бітіріп әскерге барғанша, осы соғыс жүре бермек пе?!

- Енді қалай?!

- Баламысың деген осы да!.. Соғыс дегенді талай көрдік қой. Бураш мырза! Соғыс деген әрі кетсе кешке дейін созылатын. Қантөгіс болған қатты соғыстың - Қонақанның соғысы бір айдан асқан емес. Сендердің мына соғыстарың не пәле өзі? Бітетін емес қой. Заман азса, соғысы да азатын болғаны да!

Енді күлу кезегі балаға келген, мырс етіп күліп жіберді.

- Басталғанына үш-ақ ай болды емес пе!

Әңгіменің өз өзімен соғыс жайына ауысқанын ақсақал іштей құптап отыр, “осы күнгінің баласы іштен жөдігөй болып туады, бұл жертеспенің де білмейтіні жоқ шығар, айтсын...”

Бала ақсақалды менсінбей қалған.

Бала ақсақалды менсінбей қалған.

- Кинода талай көрсетті ғой! - деді “соны да білмейсіз бе!” - дегендей өктем кейіпен. - Сіздердің соғыстарыңыздай қылыш, найза емес, біздің соғыста айырплан, танкі, пулиметпен соғысады.

Ақсақал да қарғадай баланы басындырғысы келмеді, әлгі аты аталған қаруларды бұл өзі жақсы білетін сияқты, білсе де сынау үшін жорта сұрап отырған сыңай жасады, кекете үн қатты:

- Сол атағандарыңның не екенін өзің білесің бе, көріп пе едің?

- Кинодан талай көрдік емес пе?! Айырплан деген ол аспанда ұшып жүретін темір құс. Бомба тастайды. Тастаған бомбысы небір тас үйлердің быт-шытын шығарады. Ал, танкі болса, ой...ол темірден жасаған үй. Жүйткігенде шапқан ат жетпейді. Тұра қалып атқанда оның да бомбысы небір тас үйлердің быт-шытын шығарады. Ал, пулимот болса, ол оңешінен оқты жаңбырша жаудырады. Бір атқанда он мың немісті қырып салады.

Осы арада ақсақалдың көңіліне күдік кірді.

- Әй, әй, Бураш мырза, - деді ол мысқылдай жымыып, - әлгі өзің айтқан пулиметің бір атқанда он мың адамды қырып салатын болса, бұл неміс дегендерің таусылмайтын не пәле!

Бала да артық кеткенін сезгендей тосылып барып жауап қайтарды.

- Ол пәшес дегендер тажал ғой, жердің астынан шыға береді, шыға береді...

Сексеннің бел ортасындағы ақсақал мен жеті жасқа толар-толмас баланың жаны ендігі жерде жараса қалған, екеуі де өздеріне тым жақын, тым түсінікті ертегі-қиял әлеміне оңай кіріп кетіп еді.

Сол күннен бастап Ақбердінің бар болмыс-тірлігі Бурашқа қарап қалған, жас арасы алшақ екі жан асыл болаттың екі басындай сынбай иіліп келіп табысқан.

БАС ЖАРЫЛСА - БӨРІК ІШІНДЕ

Айналасы екі аптаның ішінде Бураш екі Шаңғарақшы көшесін де игеріп алды, өзі қатарлы балалармен танысты, кімнің қайда тұратынын аңғарды, кімнің кім екенін, әркімнің

мінез-құлқын ажырата бастаған, бұның басқалармен көбінесе бас қосатын жері - асық ойнайтын тақыр аландар, кешкұрым өрістен қайтқан малды қарсы алатын саз. Жасы жетіге толмаса да дене бітімі он бір-он екі жасар балаларға тән, сондықтан да өз қатарлары емес, “ірі” балалармен жанасып алды. Басы қазандай, өзі төртбақ болғандықтан ба, Бураш деген аты жаңа таныстарының арасына сіңе қоймады, орысша жақсы білетін станса балалары оған ілкіден “квадрат” деген айдар тақты, сол есім өзіне қона кетті.

Бұл екі көшенің балаларына Квадрат нағыз тажал болып тиді, осында көшіп келгенде жиырма шақты ғана асығы бар еді, екі аптаның ішінде үш жүзге жеткізді, қорғасын құйған жалғыз құлжа сақасы бар еді, қазір сақаның өзі жиырмадан асып кетті. Тап-тақыр ұтылған балалар кенейлерін бір сомнан қайта сатып алады, сақаның құны - бес сомнан он сомға шейін.

Бір сомдап жинаған ұтысы елу сомға жеткенде Бураш табысын анасына ұсынған, анасы алмады, “нағашыңа бер” деді, нағашы әдемі қияқ мұртын сипалап біраз ойланып отырды да, оң езуін жиыра жымып қойып, алды, әлдене айтқысы келгендей еді, айтпады.

Бұл екі аптаның ішінде Бураш екі көшені игеріп қана қоймады, стансаны да меңгере бастаған. Таңғы сағат алтыда депоның гудогі азынайды. Сол кезде анасы бұны жұлқылап оятады. Бұның міндеті нанға бару. Сапар нағашының бір жасқа тола қоймаған қызы Айжанды қосқанда бұлар қазір сегіз жан. Сегіз жанға тиесілі екі кило төрт жүз грамм нанды таситын осы, кей кезде екі күннің талонын бір-ақ пайдалануға болады, ондайда рақат, сәскеге дейін ұйықтай бер. Нағашысы алғашқы күні өзі ертіп барып жолды көрсеткен, дүкен темір жолдың арғы бетінде, базардың төрінде, содан бері Бураш машығып алған, елең-алаңдағы ұры-қарыдан да қорықпайды, бұның түсінігінше ондайлар жас балаға тимесе керек. Жаңбыр жауып, жер езіліп кетсе, алғашқы түскен арбаң іздермен аттап-пұттап бара жатқаны, жайшылықта бүкшендеп жүгіріп отырғанда жарты сағатта нан дүкеніне жетеді. Үш-төрт сағат өшіретте сарсылады кейде әбден жалыққанда Бураш өшіреттен шығып кетіп базар аралайды, базардағы дүкендерді аралайды. Бір-екі мәрте базар балаларымен асық ойнап көрген, бұлар бірақ қарау екен, көзінді

бақырайтып қойып алдағысы келеді және тек ақша тігіп ойнайды. Сондықтан Бураш есі барда елін тапқан.

Өзінің ақшалай тапқан алғашқы табысын нағашысына өткізген күннің ертеңіне Бураштың кеудесіне құмарлықтың жегі құрты түссін. Ақымақтықпен ақшадан айрылып қалғанына өкінсін. Өкініштің бар себебі - Үсен деген ересек баланың қорғасын құйған қызыл сақасы еді. Қызыл сақаны Бураш көрді, көрді де ынтызар болды. Қайткенде қолға түсірудің амалын ойлады. Алдан алу мүмкін емес, Үсен үлкен бала - он үште. Ендеше қызыл сақаға қол жеткізудің жалғыз-ақ амалы бар - сатып алу. Кеше кешке бұл оған “сат” деп жалынған. Алдымен сатпаймын деп қиқаңдап еді анау, келе-келе көнді - жиырма бес сом құны. Елу теңге нағашыға өтіп кетсе, өкінбей қайтерсің! Бураш өкінді, Бураш қараңғы бөлмеде ұзақ дөңбекшіді. Қызыл сақа көз алдынан кетпей қойды. Мұндай сұлу асық болады деп кім ойлаған.

Бүгін де күндегідей нанға барды, бүгін де күндегідей кезекте сарсылды, кезекте сілейіп тұрып арманға берілді. “Шіркін-ай, - деп қиялдады ол, - қазір нан алғанда бөлкенің үстінде үш жүз грамдай артығы - міні болса... Мен базардың арғы шетіне... шарбақтың бұрышына шыға бергенде алдымнан біреу шықса... шықса да айтса... “Әй, бала, андағы наныңның үстіндегі мінін маған сат”, - десе... “Жиырма бес сом берейін!” - десе. Мен сатсам... Сосын Үсеннен қызыл сақаны сатып алсам... Шіркін-ай!”

Кезекте тұрып баланың басы айналып, көзі қарауытты. “Шіркін-ай, шіркін-ай!” - деп тұрып үлкен сәске кезінде өзі ойлағандай бір бөлке нан менен үстіндегі үш жүз грамм мініне қолы жетті. Базардың қақпасынан шығысымен оңаша тұрып тағы ойланды... “Шіркін-ай! - деді, - мен мына шарбақтың ана тұсына барғанда бұрылыстан бір кісі шыға келсе...” Сөйтіп тұрып бала алдынан шыға келетін адамның түр-түсін де көз алдына елестетті: ұзын бойлы арық қара орыс жігіті.

Солай, қиялға беріліп шарбақтың арғы бұрышына жете бергенде бұрылыстан әлгінде ғана өзі қиялында көрген ұзын бойлы арық қара орыс жігіті алдынан шыға келсін! Шыға келсін де дәл өзі жобалағандай:

- Бала, андағы наныңның үстіндегі мінін маған сатшы! - десін! - Жиырма бес сом берейін!

Бураш ілкіде өңім бе, түсім бе дегендей аңырап тұрып қалған. Ана кісі өтінішін қайталап айтты.

“Жиырма бес сом... Жиырма бес сом! Қызыл сақаның құны ғой!” Бала қалай ғана “пажалыста” дегенін, қалай ғана нанның мінін бейтаныс адамға ұсынғанын, қалай ғана жиырма бес сомды шалбарының терең қалтасына ұрып жібергенін өзі де андамай қалған. Содан балаға қанат бітсін. Құстай ұшып үйге қалай жеткенін де сезбей қалған. Бөлкені апасына ұстата беріп, көшенің түстік шетінде тұратын. Үсеннің үйіне қалай жетіп барып: “Міне жиырма бес сом, әкел қызыл сақаны!” – деп қызыл сақаны, ғажап сұлу қызыл сақаны қос алақанына салып тұрып, сүйіп-сүйіп алғанын да сезбей қалған.

Екінші Шаңғарақшы стансаның оңтүстік батысындағы ең шеті ұзын-ұзын шарбақтар біткен тұстан тақтайдай теп-тегіс дала басталады, тақтайдай теп-тегіс даланың бетіне шылқылдап су шығып жататындықтан, біркелкі тырбақай шөп өсетіндіктен жұрт оны Саз дейді. Тақтайдай теп-тегіс Саз бұлдырап барып, ылғи бір аппақ пирамидалар тізбегінен құралған Қырғыз Алатауына тіреледі. Қызыл сақаның қуанышы кеудесін күйдіріп бара жатқан соң кең-мол тыныстайтын аймақ іздегендей бала сол теп-тегіс Сазға шығып кеткенін де сезбей қалған.

Теп-тегіс Сазға шығып алып, Қырғыз Алатауын бетке ұстап өкпесі өшкенше жүгіріп, енді ешкім көрмес, көрсе де танымас, енді ешкім даусымды естімес деген тұсқа жеткенде тұра қалып, ентігін басар-баспаста ышқынып-ышқынып айқай салсын:

- Уа, Алла! Мен мына Қызыл Сақаға жанымды салдым, енді менің жанымды мәңгі сақта!

Айқайлауын айқайласа да өз үнінен шошып кетті, әлдекім естіп қоймады ма дегендей тағы да жан-жағына қарады, не қарайған адам, не қарайған мал көрінбеді. Көңілі орнына түсіп, үлкен іс тындырғандай асықпай ғана үйге қарай аяндады. Асықпай ғана үйге қарай аяндап келе жатып әлденеге таңырқап аузын ашып тұрып қалған. Әлденеге таңырқап тұрып қалуының себебі - кәдімгі, өзі күнде көріп жүрген теректер екен. Қатар-қатар тізілген теректер, әрқайсысы өз алдына қаздиып садақтың жағындай әне-міне көкке атылуға әзір тұрыпты!

Бала қуанып кетті, неге қуанғанын өзі де анық білген жоқ. Сол қуанышпен ол Үсеннің үйіне барсын. Барса, Үсеннің үйінің алдындағы тақырға он шақты бала жиналып асық ойнап жүр екен. Күндегідей емес, бүгін балалар бұны салқын қабақпен қарсы алды. Бұл ойынға кірісіп кетті, Қызыл Сақаны майданға салған жоқ. Көңілді болғандықтан ба, шу дегеннен қолы жүріп берді, басқаларды қырып ұту бұған әдетке айналған сияқты! Сөйтіп тасып, шалқып жүріп өзі аузынан қағынды.

- Сендер білесіндер ме, - деді ол бір кезде, - менің жаным кеудемде емес, басқа, бөлек жерге тығулы.

Балалар ойынды қойып бұған аңырай қарап қалыпты.

- Сонда қалай? Қара Дию құсап жанынды басқа бір жерге, адам баласының қолы жетпейтін жерге тығып қойғаның ба?

- Дәл солай. Сенбесендер менің денемді аямай шымшып көріндерші, ауырмайды!

Онсыз да асықтарын, ақшаларын ұтқызып жауығып жүрген ересек балалар өз аузынан қағынып тұрған “мұрын-боқты” аясын ба, кәне, көрейік деп Бурашты білегінен, қолынан, қарынан шымши бастады. Өз аузынан қағылған соң өзім кінәлі деді де шыдап бақты. Ересек балалар бұны өтірік мақтай бастады. “Рас екен-ай! Мынаның денесі түк сезбейді! Еті өліп кеткен! Ғажап қой, мынау ғажап қой!” - деп, шуласып келіп ал шымшысын, ал кеп бұрасын, ал кеп тырнақтарын батырсын. Денесінің бірнеше жерінен шып-шып қан шықты. Бураш сонда да шыдады, өзінен басқа кімді кінәласын, сазарып, сұп-сұр болып тайсалмай тұрып алды. Сөйтіп тұрғанда Үсен кенет:

- Бұның жаны шынында да кеудесінде емес екен! - десін де Бураштың мұрнынан жұдырықпен бір персін. Бураштың мұрнынан қан сау ете қалды. Сол сол екен, бұған бес-алты бала жабылып кетті. Үсен екеуі құшақтаса ұмар-жұмар құлаған. Басқа балалар Үсенді тұрғызып алды да, бұны езгілеп, ішінен, бүйірінен тепкілей бастады.

Бураш өзінің кінәсіз жазықты болғанына күйінді, қалыс бейтарап балалардың бұған өшіге жабылғанына таң қалды, таң қалды да күйінді, күйінді де ыза болды, ашуланғанда бойына мұнша қуат бітетінін бұрын білген емес еді, шалқалап жатқан жерінен етбетінен аунап түсті, етпетінен аунап

түсуі мұң екен, екі қол мен екі аяқ “іске жарап” кетті, жұлқына шіреніп қарғып тұрды, қарғып тұрды да торғайға атылған мысықтай жан ұшыра анадай жерде жатқан кесектің сынығын қолға алды, қолға алды да таяна берген Үсенді шүйдеден қонжитты. Үсен ересек, денелі болғанымен болбыр да қорқақ екен, сойған шошқадай шынғырсын-ай келіп, шүйдесінен аққан қанды алақанымен сүртіп көргенде өлген жерім осы деп ойласа керек.

- Өлдім, апатай, өлдім! - деп бақырған күйі үйіне қарай тұра жүгірсін. Үсеннің мүшкіл халін көргенде жабылған жақтастарында үрей қалмады, сұстары қашып үрпиісіп тұр.

Бураш оңбай таяқ жесе де, бұл екі көшенің балаларын біржола жеңгенін сезді, сезсе де қуана қоймады, оны енді қинаған намыс еді, бет-аузы быт-шыт, үйіне қалай бармақ, анасына, нағашысына қалай көрінбек, балалар жабылып ұрды деуге намысы жібермейді, әрине, сондықтан бұл жығылдым, ағаштың басынан құладым дер, бірақ оған үлкендер сене қоя ма.

Нағашы сенген жоқ, сенбесе де ұрысқан жоқ, бетіне бағдарлай қарап отырды да:

- Об-ба, жолың болғыр, Бураш-ай! - деді, - қой, болмас, екі-үш айың жетпесе де түк етпес, сені мектепке беру керек. Бүйтіп жүріп бұзылып кетерсің!

Нағашы солай түйді, солай шешті, ертеңіне темір жол астындағы отыз жетінші қазақ орта мектебіне өзі жетектеп апарып, директорына жалынып-жалбарынып бірінші класқа алдырды. Нағашы: баланың жасы келмейді деп қауіптеніп жүрсе, Тұрбеков деген директор кісі:

- Балаңыз есейіп кеткен екен! - деп көп күдіктенді.

ЕҢ ҚЫМБАТ СЫЙЛЫҚ

Осы Асаталда анасының Жәділ деген інісі тұратынын еститін, оның Шура дейтін орыс әйелі барын еститін, өзі іңкібіді дейтін жерде “кәттә бастық” деп еститін, Бураш мектепке алғаш барған күннің ертеңіне, қыркүйектің аяқ кезінде сол кіші нағашысы, қасында сары шаш аспанкөз Шурасы бар, қап-қара “лөкқебай” машинамен жетіп келсін. Қазақтар тұратын бұл екі Шаңғарақшыда өмірінде машина көрмеген адамдар көп еді, естері кетті, Ақбердінің берік

қамалдай қорасының дәл ортасына келіп тоқтай қалған гүрілдек қара тажалға ақсақалдың өзі таңырқай қараған.

Ә дегенде анасы да есі шығып отырған орнынан тұра алмай қалсын.

- Ойбай, жүгір, Жәділ көкең келді! - деді ол Бурашқа. Бураш жатырқауды білмейтін:

- Жәділ көке! - деп тұра жүгірді. Жәділ көкесі сымдай тартылған сұлу кісі екен, арсаландап жүгіріп жеткен баланы екі қолтығынан алып тік көтерді де, мандайынан сүйіп, бауырына басты.

- Сүйегің ауыр екен, мықты жігіт боласың! - деп мақтап қойды.

Сұлу адам деген түсінікті бала әлі анық біле бермейтін, әйтсе де Жәділ көкесі мен Шура жеңгесінен көзін ажырата алмай қалды, олар ұзақ отырған жоқ, асығыс екен, әпкесі (бұның анасы) осында көшіп келгелі сәлем беруге қолдары тимепті, әпкелі-інілі екеуі көрісіп амандасты, әпкесі мұңын шағып біраз жылап алды, жорта өкпелеп ұрысқан болды ("үлкендер сөйтуге міндетті шығар" деп түйді Бураш), інісінің қатыгездігін бетіне басты: "Мен шиеттей бала-шағаммен қырылып қалсам, сенің түгің кетпес!" - деді. Інісі: "Ойпырой, ойпырой, әпкем енді сөйтеді, - деп күле береді. - Ал, жарайлы, ұрып ал, сабап ал!" - деп желкесін тосты, әпкесі кішкентай жұдырығымен інісінің желкесінен ұрған болды, ұрған болды да, өзі күліп жіберіп, сырықтай інісін қайтадан еңкейтіп, бұйра басып бауырына қысты.

Бураштың көзі Жәділ көкесі мен Шура жеңешесінің арасында "алас ұрып жүр": адамның мүшелерін талдап бағалау қайда, әйтеуір бір жанға жайлы сұлулық баланың бар болмысын билеп алды.

Шура жеңешесі де анасымен құшақтасып, сүйісіп амандасты.

- Періштем менің, аппақ періштем! - деді апасы. Бұрын періште деген сөзді талай есітіп жүрсе де, өзі жатқа соғатын ертегі-жырларда талай-талай айтып жүрсе де, "періште" деген сөз бұл үшін мағынасыз, көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін мағынасыз дыбыс қана еді, анасы Шура жеңешесін "ақ періштем" дегенде Бураштың кеудесіне періште деген атау Шура жеңешесі болып қона қалды. "Ақ періштедей, - деп ол іштей қайталады, - ақ періште деген осы екен ғой!"

Төргі бөлмеге құрақ көрпелер төселіп, құс жастықтар тасталған кезде, келген қонақтар мен үй адамдары жайғасып отырған кезде “лөккебай” айдап келген әскери адам ішке кірді, қолында үлкен қара шамадан.

- Мұны қайда қояйын, жолдас бастық! - деп Жәділ көкесіне қарап тұр.

- Маған бер! - деп Жәділ көкесі орнынан ұшып тұрды.

Анасының “отыр, тамақ іш” деп жалынғанына әскери адам көнбеді, “рақмет” деп шығып кетті.

Үлкен қара шамадан толған киім-кешек екен, Жәділ көкесі мен Шура жеңешесі анасына әдемі жағалы қыстық пальто кигізді, Сапар нағашысына сықырлаған хром етік әкелген екен, нағашы үйде жоқ еді, жұмысына кеткен, Бүбісара жеңешесі үндемей апарып етікті төрдегі жүк-аяқтың түбіне қойып қойды, Бүбісара жеңешесінің өзіне әйбат жағалы күздік пальто бұйырды. Бүбісара жеңешесі қуанышын жасыра алмай қалған, ылғи шытылып жүретін қату қабақ жазылып, ақ мәрмәрдан қиғандай сұлу болса да жансыз көрінетін түсініксіз жүзі жадырап сала берді, ол кісінің күлгенін осында көшіп келгелі Бураштың ілкі көруі, “қандай әйбәт Бүбісара жеңешем де!” - деп бір түйіп тастады.

- Сыйлықтың үлкені Бураш батырға! - деді Жәділ көкесі күле түсіп. - Біз, Шура екеуміз, бүгін осы батырды іздеп келген жоқпыз ба!

Бурашқа арналған сыйлық шынында да ғажап екен - басы қатты қара қайыс, қонышты керзі, ұлтаны қалың, балаға ыңғайлап арнайы тігілген етік пен “дутый” деп аталатын (оны Бураш кейін біледі) күмістей жарқыраған үшкір тұмсық коньки екен!

Жәділ көкесі мен Шура жеңешесі бұл қораның адамдарын жарылқап тастады, Ақберді ақсақал мен оның кемпір тоқалы (кемпір болып көрінетін, кейін білсе - сол кезде әлі елуге толмаған кезі екен) Бұрмагүлге де, төрт жасар Тұраш пен екі жасар Танкистке, бесіктегі Айжанға да үлестиді. Көктен түскендей екі сұлу жан асылып жатқан тамаққа қарамады, шай ішіп болысымен асыға бастады, кетерінде екеуі қорадағылармен құшақтасып қоштасты. “Лөккебайға” міне бергенде әпкесіне бұрылып тұрып Жәділ көке:

- Майданға сұранып жүрмін, рұқсат етсе аттанарда тағы келемін ғой! - деді. Деді де машинаға тез отырып, тез жүріп кетті, айтқан сөзі үшін әпкесінен таяқ жеуге қорыққандай.

- Мына жүгірмек не дейді-ей! - деп әпкесі жер соғып қалды.

ТІРШІЛІК

Ақбердінің қорасында үш жерден от жағып, үш дастарқаннан тамақ ішетін бес семья тұратын. Қораның құбыла жақ торінде Ақберді ақсақалдың өз үйі - үй өзбек үлгісімен салынған, едені, төбесі жалпақ, алды баспа, жуан-жуан сегіз оюлы ағаш діңгек-колоннасы бар, бұл - сырты, іші - үш бөлмелі қазақтың қоржын үйі, соның бір бөлмесінде өздері, тоқалы екеуі тұрады, ауыз үй, екі дәлізде - екі пеш, қарсы бөлме бос, қара құлып ілінген. Ақсақалдың үйімен күйеу баласы Сапар, іргелес отыр. Оның да мекені еңселі қоржын там, айырмасы тек алдында баспасы жоқ. Дәлізбен бөлген қоржын тамның бір жағында Сапардың өз семьясы, ал қарсы бөлмеде күйеуі әскерге кеткен соң қолына көшіріп алған қарындасы Ақлима үш баласымен тұрады. Ұзынша төрт бұрыш жасайтын бұл қамал қораның бір қабырғасы осы екі үй болса, қарсы тұтас қабырғасы - ат қора, ал солтүстік-батыс жағын бекітіп тұрған созылыңқы жатаған қоржын жайдың да бір бөлмесі бос, құлыптаулы, бір бөлмесінде Сапардың аталас інісі Әлім тұрады: Әлім әйелі қайтыс болған соқа басты жігіт, оның да қолына көшіріп алған байғұстары бар: туған ағасының әйелі Рәбиға мен соның жеті жасар баласы Ораз.

Қамал-қораның оңтүстік-шығыс жағын бекітіп тұрған және де созылыңқы жатаған тамды қатқан қара кемпір, оның есуастау баласы, падашы Тоғай, қолдарында жүретін 16-17 дегі жетім қыз Тұрсынқұл мекендейді.

Тоғайды алғаш көргенде-ақ Бураш оған Ұлтанқұл деп ат қойған, басы қазандай, мұрны қолағаштай, аузы дорбадай бадырақ көз шомбал қара. Екінші Шаңғарақшы көшесінің бар сиырын Ганс деген неміс жігіті екеуі кезектесіп бағады, осы қорадан шығатын қызыл сиыр мен қызыл құнажын соның мойнында.

Қамал-қораны былайғы жұрт Ақбердінің есімімен байланыстырып атағанымен бұндағы үш жерден түтін түтетіп отырған бес семьяның басшысы да, қамқоршысы да - Сапар. Сапар бұл аулада, яки екі Шаңғарақшы көшесіне ғана белгілі емес, бүкіл станса бойында беделді жан. Москва мен Алматыны жалғастыратын Сексен бір, Сексен екі деген ұшқыр поезд бар, оның паровозы басқа, жүк таситын составтарды сүйрейтін жалпақ та жатаған паровоздай емес, қазақы айғырлардың арасына аңдаусызда түсіп кеткен ақалтекенің арғымағы сияқты, ықшамды да сыптай, қолға үйренбеген асаудай атырынып тұрады, сол дүлділдің құлағында ойнайтын бапкері - Сапар. Кей кезегінде Арыстан Асаталға дейін жолаушылар поезын алып келеді, кей кезегінде сол он екі көк вагонды Құлан бекетіне дейін жеткізіп салады. Кочегары - өзінің жамағайын інісі ұзын-тұра Әлім. Сапарды жұрт көбінесе “сексенбірдің машинисі” деп атайды.

Таңғы алтының гудогімен оянып, елең-аланда жұмысқа аттанатын сол екі еркектен басқа бұл аулада қоғам ісіне араласатын және бір жан бар, ол - қайнысына кіріптар келіншек Рәбиға. Қызметінің аты да қызық - жол қараушы, Бураш бір-екі мәрте Оразды ертіп барғанда көрген: қолында сабы ұзын балға, рельстің әр жер-әр жерін аңдасанда тық-тық еткізіп қойып, жол бойымен жүре береді екен.

Ораз бен Бураш құрдас дегенге ешкім сенбейді. Бураш қаншалықты төртбақ қапсағай болса, Ораз соншалықты шілтіктей де нәзік, бақырайған көздерінде ылғи үрейдің оты ойнап тұрады, қорқақтың қорқағы, жасқаншақтың жасқаншағы, сонысына қарамай барып тұрған өтірікші, сусылдаған өсекші, осы қорадағы бес түтіннің қайсысының болмасын ұсақ-түйек шаруасын тындырып жүреді, шешесі жоқта қызметін істеген үйдің баласы болып кетеді, сол үйдің сойылын соғып, намысын қорғап, басқа төрт түтінді сықпыртып жамандап отырады. Оның сол ауруын біле тұра әйелдер сипың сөзге иланып, қырғикабақ болып жүреді.

Таңның атысы-күннің батысы Ақберді қорасының бір қалыпқа түскен митың тірлігі бар. Сапар мен Әлімнің жөні бөлек. Ол екеуін күндіз демейді, түн демейді кез келген уақытта келіп жұмысқа шақырып кетеді, қазақтар Темір

таяқ деп атайтын орыс жігіті бар, аты Вася, түнде жүргенде ұры-қарыға тап болып қалам ба дегендей қолынан басы найзаның ұшындай үшкір имек сап темір таяғын тастамайды, сол Вася кей-кейде түн ортасында келіп:

- Көкшоланов! Қылышбаев! - деп терезе қағып тұрғаны.

Ағайынды екеу - арық та ұзынтұра Әлімнің қасында еңселі Сапар тапал көрінеді - қолдарында қара қаңылтыр қобдиша, бірі - алда, бірі - артта кетіп бара жатады, сол кеткеннен үш-төрт күнсіз оралмайды, бес-алты күн жүріп қалатын да кездері бар. Әйтеуір, бір жақсы жері, екеуі табыссыз қайтпайды, Арыс жаққа барғанда қара қобдишалар күрішке толып қайтады. Құлан жаққа барғанда қара қобдишалардың түбінде ия бір-екі кило ет, ия бір-екі кило май жатады, құр алақан қайттық дегенде қара қобдишалардың бүйірін қара көмір теуіп тұрады.

Бұл қорадан іске шығатын Рәбиға мен Тоғай таң сәріде кетіп, күн еңкейе қайтады. Және бір іскер - Бураш, ол да ерте тұрып нанға барады, наннан келе салып мектебіне кетеді, күн еңкейе азып-тозып, шаршап-шалдығып, төбелестен бет-аузы дала-дала болып, яки көзі көгеріп, шекесі ісіп ол да жетеді. Содан соң: “Жөргегінде қағынған жүгірмек, сені ме!” - деп мамасының қуалып жүргені.

БУРАШТЫҢ АКАДЕМИЯСЫ

Жылдар өтер. Бураш ер жетер, сол кезде ол Алатаудан бөлініп шығып, солтүстік-батысқа қарай созылып жатқан Қаратауды бауырмал ақбас ақсақалдың Сыр бойы мен Сарыарқадағы бауырларына қарай созып жіберген мейірбан қолына теңер, жылдар өтер, Бураш талай ыстық жаздарды, талай қақаған қыстарды бастан кешіреті, бірақ соғыс кезінің жаздарындай өртеген жаздарды көрмес, соғыс кездерінің қыстарындай қатал қыстарды көрмес, әлде кім білсін, сұрапыл дәуір бала жанына салған жазылмас жараның ізіндей сол кездің табиғаты да ерекше көрінетін шығар. Қалай болғанда да ол кездердің жаздары тым ыстық еді, қыстары тым суық еді, сол кездердің түнгі аспанын минут сайын жарқ етіп тұтанған жұлдыздар осып өтіп жататын. Аққан жұлдызды көргенде Ақберді ақсақал: “Тағы да бір қыршынның

өмірі қиылды... Ойпыр-ой, бұл неткен қырғын заман еді!” - деп күрсініп, әлдекімге бата оқып, алақандарымен бетін сипап отыратын.

Жылдар өтер, Бураш ер жетер, талай-талай ұйқысыз түндерін далада өткізер, тұңғық көк аспанның сырына қана алмай самсаған жұлдыздарға телміре қарап көз майын тауысар, сонда аппақ таңға сарсылғанда бір де бір аққан жұлдыз көре алмас, тыныш заманның аспаны да тыныш бола ма екен, әлде.

Соғыс жылдарының аса ыстық жаздарында құрт-құмырсқа, ұсақ жәндіктерден аяқ алып жүре алмайтынсың, жылан көп еді, жыланның түрлері көп еді, Ақберді ақсақалдың үйінде момақан сары жыланның ордасы бар еді, жүкаяқтың астында, көрпе-жастықтың арасында, пештің қуыс-қуысында білектей-білектей болып оратылып жататын, кемпір-шал оларға мән бермейді. “Тимендер, бұл қасиетті жәндіктер, зияны жоқ, үйге бақ-дәулет әкеледі”, - деп қорғаштап отыратын. Шарбақтың сыртында үй орнындай ғана төбешік бар, төбешікті қалың шеңгел жаулап алған, сол шеңгелдің арасы бықыған қара-шұбар жылан, Бураш соларға қырғындай тиеді, айыр таяқпен желкесінен баса қалса, жылан аузын ашып, ысылдап, тілін шығарады, сол сәтте бала қағазбен ұстап, жыланның тілін жұлып алады, содан кейін ол қауқарсыз, қалтаңа салып жүр, қойнына салып жүр, “қамшы” қылып салбыратып ұстап жүр. Екі Шаңғарақшы көшелерінің балаларын ықтыруға ол да себеп.

Жылдар өтер, Бураш ер жетер, Алатау мен Қаратаудың кең қолтығын мекендеген елдің көсегесін көгертем деп күндіз-түні сабылатын азаматтардың біріне айналар, сол кездерде де Ақберді қорасында өткен сол бір жылда ақсақалдан алған өмір сабақтарын бұл ұмытпас...

Әлдебір күні, екінді кезінде, Ақберді мен Бураш ат қораның алдында аласа орындықтарда батар күнді шуақтап отырған, үй сыртындағы сыптай тізілген теректердің біріне қарқылдап келіп екі қарға қонсын. Қыбырлағанның бәрі көзге ермек, қария да, бала да екі қарғаның қалай келіп қонғанын байқаған, сәлден кейін екеуінің біреуі ерекше “зарлай” бастады да, екінші әлгі мазасыздан іргесін аулақ салғысы келгендей әрірек барып отырды. Әлден соң “қайғылы” қарға бір қанатын жайып жіберді де, отырған бұтағынан құлап

кетердей жалп-жалп етіп барып әрең түзелді, бірақ жайылып кеткен сол жақ қанаты жаюлы қалпында салбырап қалды.

- Оқ тиген-ау, шамасы... - деп еді бала, қария ойланып барып екіұшты жауап қайырды.

- Кім білсін... Оқ тисе ол бұл араға дейін ұшып келе алмас еді ғой.

- Әлде шаршағаны ма екен?

- Кім білсін...

- Әлде ауырып қалды ма екен?

- Кім білсін...

Бұдан кейін жұмбақ қарғаға да, қарға туралы жұмбақ әңгімеге де екеуі әбден тойып болғандай отырып қалған, күн ұясына батарда енді бір қараса, қарғалардың бірі ғайып болыпты, енді жұмбақ қарғаның екі қанаты да салбыраңқы, ұшып кеткісі келетін сияқты, ұшу түгіл қозғала алмайтын сияқты, енді ол теректің басынан құлап қалмаса, соған қуанатын сияқты. Сөйтіп отырғанда өрістен мал қайтты, қайтқан малды қораға қамасып, сауысып жүргенде қарғаның жайын мүлде ұмытқан екен, келесі күні кешқұрым мектептен келіп, тамағын ішіп, ат қораның алдында аласа орындықта отырған Ақберді ақсақалдың қасына жайғасқанда ғана аңғарды: кешегі ала қарға өліп қалыпты, қос қанаты салбырап кеткен, бір тұтам тулақ. Баланың жүрегі кенет мұздап, есінен адасқандай қалшиып тұрып қалсын.

- Ой-бұй, анау байғұс өліп қалыпты ғой! - деген үні дірілдеп, әрең шыққан.

Ақберді кейде өзін де, өзгені де аяусыз мысқылдап отыратын, бүгін сол әдетіне басты.

- Е-е! - деді кекесін үнмен, - сенің байғұсың жараланбапты да, ауырмапты да, оның сырын мен ұқтым. Сенің ол қарғаң... - “сенің” деген сөзге назар аудара айтты, - сенің ол қарғаң кеше үш жүз жасқа толғанын тойлапты. Той тараған соң оны осы араға дейін екі жүз тоқсан тоғыз жасар інісі шығарып салыпты. Қарға үш жүз жыл жасайды дегенді білмеуші ме едің? Үш жүзге толған да, өлген ғой...

Әлгінде ғана өлімді көріп, үрейі ұшып тұрған баланың кеудесін енді таңырқау мендеді.

- Сонда қалай, қарғалар үш жүз жыл өмір сүре ме?

- Естімеген екенсің де...

- Естіген емеспін.

- Естімесен - солай. Қарғалар үш жүз жыл өмір сүреді.
- Ал адамдар ше?
- Адамдар елу-алпыс жыл.

Әп-сәттің ішінде бала жаны әлем-тапырық болды. “Қалайша елу-алпыс-ақ жыл. Жоқ, мүмкін емес, ол заң - басқалар үшін заң, мен үшін заң емес. Мен ешқашан өлмеймін! Менің жаным Қызыл Сақаның ішінде! Ал басқаларға тым обал екен. Елу-алпыс жыл деген не?!”

- Тым аз екен! - деп қорытты бала өз ойын.

Ақбердінің шарбағында, шымды жер болғандықтан ба, құмырсқаның түрі көп еді: қызбел құмырсқа, қызыл құмырсқа, шымал. Шарбақта жүгері мен жоңышқаның арасы толған шегіртке. Бураш пен Ораз айғырларын төбелестіріп ойнайтын.

Шегірткенің айғыры кәдімгі айғырға ұқсас-ақ, тек кішкентай демесең, тек құйрығының орнында қайқиған қылышы бар демесең. Ұзын сирақ, қанатты шегіртке күзге қарай сыртына “темір сауыт” киіп алады, сирақтары да темірдей қатты, бірін-бірі тепкенде жалпасынан түсіреді, ал шайнасып қалғанда бір-бірінің басын мүжіп тастайды.

Бураш шегірткенің айғырларын ұнататын, шақарларын тандай білетін, бұл тандаған айғырлар Ораздың айғырларын ылғи жеңіп кететін. Ал шымалдарды Бураш жек көретін - құмырсқаның ең бір ұсақ түрі бола тұрып, өздері жауыздың жауызы, қойын-қонышыңа кіріп кетіп шаққанда, кірерге жер таба алмайсың, өздері барып тұрған қанішер, екі топқа бөлініп алып соғысқанда бірін-бірі қырып салады: әр жер, әр жерде өліктері кіші-гірім төбе болып үйіліп жатқаны. “Бұларға не жетпейді екен?” - деп, Бураш ылғи таң қалатын.

Бір күні Бураш шегірткенің әдемі бір айғырын ұстап алған, әлгі өзі қызыл қанат, ұзын сирақ, ұзын қылышты, атбасты “нағыз жануар” екен, Ораз өзіне “айғыр” тауып ұстап әкелгенше күтіп, әлгіні тақиясымен төңкеріп қойған, енді біраздан кейін тақиясын көтеріп қалса, өзінің сүйікті арғымағына шымалдар жабылып, әлсіретіп тастапты, Бураш биттей жабысқан жауыздардан арғымағын арашалай алмады, биттей жабысқан жауыздар арғымақты көз алдында талап өлтірді: байғұс секіріп қашты, ұшып қашты, болмады... Бураш жылап жіберген.

Бураш өлген шегірткені бойына жабысқан шымалдары-